



Мұнайлы

Газет 2009 жылдың
01 тамызынан
шығады



www.mmg.kz

“Маңғыстаумұнайгаз” акционерлік қоғамының газеті

№03 (78), сәуір, 2016 жыл

ӨЛКЕ

ЖОҒАРЫ БЕЛСЕНДІЛІКПЕН

САЙЛАУ - 2016



өңірлерінде жүріп жатты. Үміткерлердің үгіт-насихат, жергілікті сайлау комиссияларының халықты жалпы сайлауға шақыруға бағытталған жұмыстар бір ай бойы бір сәтке толастамады. Мұндай жауапты кезеңнен «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы да тыс қалмай, компания Басқармасының бұйрығымен, сайлауалды штаб құрылды. Штабты «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы жас мамандар Кеңесі мүшелері құрады. Штабтың мақсаты – Компания жұмысшыларының сайлауға жаппай қатысуын қамтамасыз ету, сайлау күні қызметкерлердің белсенділігіне мониторинг жасау және қорытынды сараптау жұмыстарын жүргізу болатын.

Сайлау нәтижесінде компаниядағы 5668 қызметкердің 5616 немесе 99,1 пайызы сайлауға қатысып, өз таңдауларын жасады.

Сайлау қорытындысы бойынша «Қаламқас»



қызметкерлерінің тізімдерін анықтап, санын нақтыладық. Алдын ала жасалған тізім бойынша 20 наурыз күні 1520 сайлау құқығы бар азамат №186 сайлау учаскесінде есепте тұрды, Сайлау күні соның 1505 сайлау учаскесіне келіп өз таңдауларын жасады.

Ең көп дауыс «Нұр Отан» партиясына берілді. Оған сайлауға қатысқан азаматтардың 1292, яғни 87,8 пайызы сенім білдірді. Сондай-ақ Қазақстан Коммунистік Халық партиясы 30 дауыс немесе 2 пайыз, «Ақ жол» партиясы 50 дауыс (3,3 пайыз), «Бірлік» саяси партиясы 6 дауыс (0,3 пайыз), Жалпыұлттық социал-демократиялық партия 30 дауыс (2 пайыз), "Ауыл" Халықтық-демократиялық патриоттық партиясына 76 дауыс (5,1 пайыз) иеленді.

Сайлаушылардың белсенділігі өте жоғары деңгейде болды. Қызметкерлеріне ыңғайлы жағдай туыраған басшылар тарапынан да, өз болашағына дауыс беруге келген сайлаушылар тарапынан да үлкен жауапкершілікті байқадық. Заң бұзушылықтар, бақылаушылар тарапынан ескертулер тіркелген жоқ.

Шешім қабылданды, таңдау жасалды, сайлау аяқталды. Ендігі жерде халық сеніміне ие болған азаматтар ел үмітін ақтады деп сенеміз. Барша сайланған депутаттарды жана жұмыс орындарымен құттықтап, алдағы еңбектеріне жеміс тілейміз!

Қазақстан – дамудың демократиялық жолын таңдаған зайырлы мемлекет. Президенті ішкі бейбітшілік пен тұрақтылықтың гаранты болса, халқы – биліктің көзі. Осы алтын қағидат ел ішінде болып жатырған кез келген үрдістен байқалады. Мәселен, заңмен бекітілген уақыт аралықтарында өтіп тұратын Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісі мен жергілікті мәслихат депутаттарының сайлауы сол қағидаттың бір көрсеткіші.

Осындай, ел үшін маңызды саяси науқан, мәжіліс депутаттарының кезектен тыс сайлау өткізу туралы Елбасына жасаған ұсынысынан кейін, билығы наурыз айының жыйырмасына бекітілген болатын. Аталған науқан кезінде еліміздегі саяси партиялар өз кандидаттары мен бағдарламаларын ұсынып, нәтижесінде, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің құрамы 59 пайызға жаңарды. Яғни Мәжіліс қатарындағы 109 халық қалаулысының 64 халық сеніміне тұңғыш рет ие болып отырған азаматтар. Бұл да демократияның – халықтық биліктің бір көрінісі. Науқанға қатысқан 6 саяси партияның 3 ғана қажетті дауыс көлемін жинап, мәжіліс құрамына енді - "Нұр Отан" (82,2%; 84 мандат); "Ақ жол" (7,14%; 7 орын) и ҚХКП (7,18%; 7 орын).

Сайлау науқанына қатысты жұмыстар еліміздің барлық



кенорнындағы №186 сайлау учаскесінің төрағасы. Ж.Ешмановқа хабарласып, әңгімеге тартқан болатымыз:

- Бір айлан астам уақыт бойы дайындық жұмыстары жүрді. Сайлау учаскесінде дауыс беретін өндірістік басқарма

ХАЛЫҚ ҚАЛАУЫ - МҰНАЙШЫЛАР

2016 жылдың 20 наурызында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттары депутаттарының сайлауы болып өтті. Аталған саяси науқанға «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында қызмет атқарып жүрген мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың белсенді қатысқандығы баршамызға белгілі.

Жалпы сайлау барысында Маңғыстау облысының мәслихаттарына 425 үміткер ұсынылып, 369-ы депутаттыққа кандидаттар ретінде тіркелген болатын. Солардың ішінен дауысқа түскені 279 кандидат. Маңғыстау облысы бойынша облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттардың 115 депутаты сайланды. Сол 115 халық қалаушыларының алтауы біздің ұжымдастарымыз.

Дүбірлі бәйгеге түсіп жеңіп шыққан әріптестерімізді шын жүректен құттықтаймыз.



Абай Қуванов
«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы Орталық инженерлік-технологиялық департаментінің директоры
№11 сайлау округі бойынша Маңғыстау облыстық мәслихатының депутаты



Нұрпейіс Сәрсенбайев
«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының бастығы
№24 сайлау округі бойынша Маңғыстау облыстық мәслихатының депутаты



Жетібай Төлегөжаев
«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас директорының әлеуметтік және әкімшілік мәселелері жөніндегі орынбасары
№5 сайлау округі бойынша Қарақия аудандық мәслихатының депутаты



Қалмырза Бүркітов
«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы Өндірістік-технологиялық бөлімінің бастығы
№4 сайлау округі бойынша Қарақия аудандық мәслихатының депутаты



Бақтыгерей Дусупов
«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы бастығының орынбасары
№9 сайлау округі бойынша Қарақия аудандық мәслихатының депутаты



Серік Заханов
«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы Орталық инженерлік-технологиялық қызметінің ауысым бастығы
№11 сайлау округі бойынша Маңғыстау аудандық мәслихатының депутаты

3 апреля - День геолога

Қадірлі геологтар, геология ардагерлері!

Сіздерді Геологтар Күнімен шын жүрекпен құттықтаймын! Еліміздің өсіп-өркендеуі, экономикалық қуатының артуы жолындағы Сіздердің қажыр-қайратыңыз, білім мен тәжірибеңіз баянды болашаққа, игілікке қызмет етуде. Жер қойнауын игеріп, өндірістің тамырын, жүрек соғысын жіті қадағалап, ел ырысы мен берекесін келтіріп отырған ерлікке бергісіз еңбектеріңізді қадір тұтамыз! Жапан түзді тәуелсіз мемлекеттің тірегіне айналдыруға саналы құймыр арнаған аға ұрпақтың, алғашқы геологтардың тарих дәстүрін жалғастырып келе жатқан Сіздерге зор денсаулық, отбасы бақытын, бейнетті еңбектеріңізді зейнетін тілейміз.

Уважаемые геологи и ветераны геологии!

Добыча нефти и газа начинается с работы геологов. И в этот день мы отдаем дань уважения к профессии, благодаря которой природные богатства стали доступны для освоения, и людям, ставшим ее воплощением! Геологи АО «Мангистаумунайгаз» вносят достойный вклад в дело развития и процветания компании. Всегда и во все времена наши геологи отличались высоким профессионализмом, верой в успех и товарищеской взаимовыручкой!

Уважаемые коллеги – Ваша жизнь – это неустанный поиск. Вы работаете на будущее, создавая прочную базу экономического развития Казахстана. Впереди у Вас новые рубежи, новые задачи, решение которых потребует применения всех накопленных знаний и опыта.

Пусть всегда сопутствует Вам удача, и согревает в нелегком пути любовь и преданность Ваших родных и близких! Желаем Вам здоровья, плодотворной работы, радости открытий и семейного благополучия!

Мереке құтты болсын!

Құрметпен,
«Маңғыстаумунайгаз» АҚ Басқармасы,
Бас директор
Бас директордың бірінші орынбасары

Бақыт Иманбаев
Сунь Синъюнь

ГЕОЛОГ – ПРОФЕССИЯ ГЕРОЕВ

По традиции в первое воскресенье апреля, в Казахстане свой профессиональный праздник отмечают геологи.

Геология – это не просто наука, а геолог – не просто профессия! Это – огромная возможность проникнуть в загадки природы, прикоснуться к еще неизведанному и сделать свое открытие. Профессия геолога давно окутана романтикой, но это еще и большой физический труд, десятки дней жизни порой в жестких природных условиях, разлука с близкими. И, тем не менее, профессия геолога всегда оставалась одной из самых увлекательных и престижных! Накануне профессионального праздника мы рассказываем о наших коллегах – исследователях и разведчиках недр, – которые своим самоотверженным трудом ищут и находят ключи к подземным кладовым Мангистау!



Абубақыр Шынжырхан – заместитель начальника ЦДНГ-2 ПУ «Каламқасмунайгаз»

- С детства меня интересовало все, что окружало. Какова родословная Земли, что под ней? Мои родители, были очень эрудированными людьми и часто мне рассказывали о загадках природы, о несметных богатствах нашего края. Но чтобы найти, обнаружить эти кладовые природы, нужны были терпение, смекалка и пылливый ум.

Село Тушықудук, где я родился и вырос, находилось в близости от месторождений Каламак и Каражанбас. Поэтому нашу школу часто посещали нефтяники, которые рассказывали о своей увлекательной работе. Я помню, мы даже зачеты сдавали по нефтегазовому делу.

Таким образом, среда, которая меня окружала, не могла не повлиять на мое будущее. После окончания школы я твердо

решил стать геологом.

И в 1991 году я начал свою трудовую деятельность на месторождении Каламак. Правда, сначала работал слесарем, затем машинистом насосной станции и, наконец, техником-геологом.

В 1997 году поступил на заочное отделение нефтехимического факультета Актауского университета имени Ш.Есенова по специальности «Геология нефти и газа». ВУЗ окончил в 2003 году.

Параллельно продолжал трудиться на месторождении Каламак: геологом ЦДНГ-1, ведущим геологом геологического отдела. В настоящее время работаю заместителем начальника ЦДНГ-2 производственного управления «Каламқасмунайгаз».

Я не жалею, что выбрал именно эту романтичную и непредсказуемую профессию. И хотя понятно, что практически все значимые приповерхностные месторождения уже открыты, есть перспективные обнаружения новых месторождений, которые требуют геологического изучения на больших глубинах и в более сложных условиях. А значит, профессия геолога по-прежнему востребована!

В канун профессионального праздника, желаю коллегам больших успехов, крепкого здоровья, мира и благополучия! Желаю найти новые месторождения, которые позволят нашей стране быть всегда процветающей! С праздником друзья!



Кулян Қожаева – геолог I категории отдела разработки ДГИРМ

- По совету своего отца после окончания школы я поступила на нефтяной факультет Казахского политехнического института, по специальности «Геология и разведка нефтяных и газовых месторождений».

В 1988 году после окончания института по направлению работала в Комплексной экспедиции «Мангышлакнефтегазразведка» (МНГР) лаборантом-коллектором 3-го разряда. Контролировала качество промывочной жидкости в процессе бурения скважины, вела обработку глинистого раствора с добавлением химических реагентов и своевременный замер параметров глинистого раствора (плотность, вязкость, водоотдача, и др.).

Потом была переведена геологом участка. Участвовала при отборе керна, его описании, подготовке и отправке керна на анализы в лаборатории и хранилище. Тогда велась поисково-разведочные работы, и многие НИИ отбирали керн на исследование. Работали мы вахтовым методом по 15 дней, доезжали на поезде до станции «Опорная», а дальше добирались до буровой на «вахтовках» по бездорожью.

Комплексная экспедиция «Мангышлакнефтегазразведка» – первое предприятие нефтегазовой отрасли, которое стояло у истоков открытия крупнейших месторождений Мангышлака. Во время деятельности треста «Мангышлак-

нефтегазразведка» в регионе были открыты и разведаны около 50 месторождений нефти и газа, в том числе ныне действующие крупные месторождения: Узень, Жетібай, Тенге, Тасбулат, Каламак, Каражанбас, Северные Бузачи, Арман и другие. Сегодня на территории области известно около 60 месторождений нефти и газа, 80% из них открыты геологаразведчиками «МНГР».

Мне посчастливилось участвовать в бурении скважин таких площадей как Боранкул, Восточный Сазтобе, Бекболат, Елемес, Тасым, Нысановское, где были открыты месторождения нефти и газа. Позже после завершения геолого-разведочных работ, все они были введены в промышленную эксплуатацию, и принято осознать, что в этом есть мой, пусть и небольшой, вклад.

Я рада, что за время работы в «МНГР» бок о бок работала с такими известными геолого-разведчиками как – Валентин Токарев, Кубайдулла Махутов, Изберген Кубекбаев, Айладыр Амиранов, Сыдых Диханов, Болатбай Матаев, Есенкул Джолдасбаев, Жуман Калдыбаева и др. И всегда вспоминаю о них с теплотой и благодарностью, помня трудовые подвиги своих наставников.

С 1995 года я работала в ЦДНГ-3 ПУ «Каламқасмунайгаз» техником-геологом, с 2003 года геологом ЦДНГ-1. В 2008 году, проработав в общей сложности 20 лет вахтовым методом, я была переведена в департамент геологии и разработки месторождений АО «Мангистаумунайгаз», где в данное время работаю геологом I категории отдела разработки.

В этот светлый день хочу поздравить всех геологов: и молодых, которых позволила романтика первооткрывателей, и ветеранов, которые провели много лет в полевых экспедициях вдали от семьи с профессиональным праздником и пожелать никогда не останавливаться на достигнутом, всегда идти к новым свершениям. Будьте здоровы, удачливы и счастливы!

ТАМЫРШЫДАЙ ДӨП БАСҚАН ҚОЙНАУ СЫРЫН...



«Жетібаймунайгаз» өндірістік басқармасының геологы Роза Сарбалиеваның еңбек жолы өзінің замандас әріптестерінің еңбек жолдарынан тым алыс кете қоймаған: мектеп, мұнай техникумы, одан кейін өндіріс. Уақытқа сын жоқ, ағын судай зыудып ағып, өте берекелі екен. Розаның 1981 жылы Атырау мұнай техникумын бітіріп, жолдамалармен «Жетібаймунайгаз» өндірістік бірлігіне қарасты №1 кәсіпшілікке мұнай өндіру операторы болып жұмысқа қабылданғанынан бері аттай 35 жыл өткен екен!

- Сол күндер әлі көз алдымда, күні кеше ғана болған сияқты еді, 35 жылдың қалай өте шыққанын байқамай қалыпмын, - дейді Роза.

Қазіргі таңда Роза Сарбалиева 2-ші санаттағы геолог. Мұнай жолына түсуге, әлбетте, мұнай өндіру саласында ұзақ жылдар еңбек еткен әкесінің ықпалы болды.

- Бала кезімде әкемнің қасында жүріп, тербеліп жасап тұрған ұңғыларға қарап, мұнайдың қалай шығатынын қызыға сұрайтынмын. Сол қызығушылық мені мұнайшы мамандығын таңдауыма әсер еткен болуы керек, - деп Роза өткенді еске алды.

Әрине, өзінің жақсы маманы болу әр адамның бақыты. Жақсы маман болып қалыптасу үшін оқу орнында алған білімін өз алдына, өндірістің қыр-сырын білудің керек, яғни теориялық білімдеріңді практикалық жұмыспен ұштастыра білу міндет. Роза өндіріске алғаш араласқан жылдары өзіне тәлім-тәрбие берген, өзінің жақсы геолог болып қалыптасуына игі әсер еткен әріптес аға-апаларын жылы сезіммен еске алады:

- Жұмыстың қыр-сырын үйреткен Аман Әрбісенов, Байжан Жақсымбетов, Әсіма Қисметова, Тәжікбай Ізтілеуов сынды геологтарға алғысым шексіз. Ол кезде барлық жазу жұмыстары қолмен толықтырылатын. Бәрін үлгеруің керек. Сондықтан геолог мамандығы үлкен жауапкершілікті, техникалық сауаттылықты, білімділікті, сабырлықты талап етеді, - деп ой бөлісті Роза.

Роза Сарбалиева жұмыс жасайтын №1 цехта 10 игеру кен-орны бар. Әр кенорынның өзіне тән ерекшеліктері болады. Геологтардың міндеті - жер асты қабаттарынан қанша мұнай өндірілгенін анықтау, сулану пайыздарына анализ жасап, әр ұңғымаға гидродинамикалық, геофизикалық зерттеулер дайындау. Тәуліктік сұйықтықты өлшейдің қондырғылардың жұмысы олардың басты назарында. Қазір жаңа технологиялардың кенінен дамыған уақыты. Мұнай өнімін арттыруда ұңғымаларға жер қабатын сумен жеру (гидроаразыв пласта), басқа горизонттарға көшу, әр түрлі химиялық реагенттер айдау сияқты шаралар

жүргізіледі. Бұғғылаудан жаңа ұңғымалар іске қосылады.

- Осындай игі жұмыстарды іске асыратын, ең бірінші, геологтар. Тынбай еңбек етіп, жаста болса өз мамандықтарының үлгілі иелері, әріптестерім - Жетібай өндірістік бірлігінің бас геологы Серікбай Темірхановты, Бағдат Абылановты, Байыра Дүйсенбаевты, №1 цехтың геология бөлімі жөніндегі бастығының орынбасары Нұрболат Бимағанбетті, геолог Қайрат Ходжаевтарды мақтан етемін, - деп әріптестері туралы ой бөліскен Роза оларды төл мерекесімен құттықтайтынын айтты. - Геологтар мерекесі қарсаңында барлық геологтарды төл мерекелерімен шын көңілден құттықтап, жаңғыларына бақыт, денсаулық тілей отырып, жер астының байлықтары келер ұрпақтарға бұйырсын деймі!

Біздер де «ЖМГ» өндірістік бірлігінің геологтар ұжымын шын жүректен құттықтап, оларға табыстан-табысқа жете берудеріне тілектестігімізді білдіреміз.

Зейнет

ҚҰРМЕТТІ ДЕМАЛЫСҚА - ҚҰРМЕТПЕН



Қойнауы құтқа толы түбектің жер асты байлығын игерумен қатар ел ырыздығын еселеуде үлес салмағы басым «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы ардагерлерді құрметті еңбек демалысына шығарып салды. «Холидэй инн» қонақ үйінде өткен салтанатты шарда өндірістің өрге домалауына дем беріп, қызу еңбек қарқынын қалыптастырған зейнеткерлерге сый-құрмет көрсетіліп, ықыласқа бөленді.



Аталмыш қонақүйдің фойесінде кештің сыйлы қонақтарын «Ақжарма» фольклорлық ансамблі күмбірлеген күймен қарсы алды. Әсем безендірілген залдағы кең пейілмен жайылған дастарханға жайғасқан құрметті қонақтардың назарына бейне слайд ұсынылды. Салтанатты рәсімде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Бақыт Иманбаев еңбек ардагерлерін қуанышымен құттықтап, алғысын білдірді. - Алғыс айту мен Халықаралық әйелдер күнінен кейін, Амал мерекесінде арқа-жарқа болып көрісіп жатсақ, бірнеше күннен кейін Ұлыстың ұлы күнін тойлаймыз. Осынау шұғылалды да шуақты көктем мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын! Жүйрік уақыт сіздерді «қызмет» деген биік белестен, «құрметті демалыс» кезеңіне жеткізді. «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының ұжымы атынан халық игілігі

үшін жылдар бойы жемісті еңбек етіп, мұнайлы түбектің мол ырысын игеруге және компанияның қол жеткізген жетістіктеріне қосқан ұшан-теңіз үлесіңіз үшін баршаңызға алғысымды білдіремін. Сіздердің саналы ғұмырыңыз жас ұрпақ үшін үлгі-өнеге толы. Өрқайсыңыз жігер-қайратыңызды мұнайлы өлкенің қалыптасуына, өсіп-өркендеуіне арнап, қиын қызметтің тәжірибелі белестерінен өттіңіз. Ұжымдағы ұзақ жылғы еңбек жолыңызда біліктілігіңіздің арқасында жауапты қызметтер атқардыңыз, компания өндірген мұнайдың ел игілігіне жаратылуына кәсіби маман, ар-намысты жоғары қоя білетін азамат ретінде атсалыстыңыздар. Бүгінгі құрметті демалысқа шыққан қуанышты күнііз құтты болсын, әріптестер! Бейнетті еңбектің зейнетін көргейсіз демекпін. Баршаларыңыздың отбасыларыңызға амандық-саулық, бақ-береке тілеймін!,-деді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Бақыт Алтайұлы. Бас директордың әлеуметтік және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары Жетібай Төлеғожаев, құқықтық және кадр мәселелері жөніндегі орынбасары Нұрсерік Күдереев ардагерлердің қиын-қыстау кезеңдерден



жүріп өткенін айта келіп, өмірден көрген-білгені мен оқыған-тоқығаны мол еңбек адамдарының қалтқысыз қызметі жастарға үлгі-өнеге екенін жеткізді. Аға буын әріптестерінің салып кеткен сара жолын жалғастыратынына сенімділік білдіріп, ақжарма тілегін арнады. Салтанатты сәтте өндірістік өрлеуді бетке алған іргелі кәсіпорынан құрметті еңбек демалысына шыққан 77 зейнеткер Алғыс хатпен

демалысына шығарып салған ұжымға шексіз алғысымды білдіремін. Бізден кейінгі буын мен жастар тәжірибемізді дұрыс пайдаланып, көдесіне жаратады деген сенімдемін, - деді Дариға Хамидоллақызы. Әсем әнмен, жұпар жырмен өрнектелген мерейлі кеште М.Өзкінбаев атындағы филормонияның өнерпаздары мен жергілікті жұлдыздар сыйлы қонақтардың көңіл қошын сергітті. Құттықтау лебіздер мен



марапатталып, естелік сыйлықтар мен гүл шоқтары табысталды. Алматыдағы Қазақ политехникалық институтынан мұнайшы мамандығын алған Дариға Маденова еңбек жолын «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бастап, зейнеткерлікке шыққанға дейін табан аудармастан қызмет етті. - Қазыналы өңіріміздегі ең ірі қуатты кәсіпорынға айналған компанияда 39 жыл бойы әртүрлі қызметтерді атқардым. Энергетик әкем Хамидолла Маденов Атырауда мұнайшы мамандардың ұстаханасы болған «Қосшағылда» жұмыс жасап жүргенде, мен де осы салада еңбек етуді армандадым. Сол арманы орындалып, Бозашы түбегінде жер асты байлығын игеруге атсалысып, инженер қызметінен зейнеткерлікке шығып отырмын. Бүгін біздің сіңірген еңбегімізді елестеріп, сән-салтанатымен еңбек

құрмет-қошеметке толы кештің қонақтары емен-жарқын әңгімелесіп, әсем әннің толқуында би биледі. - Бүгін зейнеткерлікке шығып жатқан әріптестердің басын қосып, осындай шығарып салу кешін ұйымдастырып жатқан басшылыққа ризашылығымызды білдіремін. Мен 2000 жылдан бері «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ тамақтандыру саласында қызмет еттім. Зейнеткерлік жасқа аман-сау жетіп, айбыроймен құрмет демалысына шығудың өзі бір ғанибет емес пе?! Кейінгі жастарға біздің жолымызды берсін, -деді Гүлайма Жылдығұлова. Салтанатты кеште бірге қызметтес болған әріптестер қимастық сезіммен алғыстарын айтып, ақжарма тілектерін ағытты.

Фарида МУҢАЛҚЫЗЫ



Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын!

НАУРЫЗ АЙЫ КЕЛГЕНДЕ...

Көктің тынысын тыңдап, жердің тамырын басқан, тұрмыс-тіршілігін табиғат-анамен тығыз байланыстырған халқымыз Наурызды жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп білген. Табиғат пен адам арасындағы тепе-теңдік, ел мен ел арасындағы ауызбірлік, игілік пен ізгілікті білдіретін мәні зор, тарихы терең Наурызымызбен қазақ даласына Жаңа күн, Жаңа жыл келді.



Ақтың молайып, жарықтың ұзарып, тіршіліктің жаңаратын, пейілдің түзелетін кезеңі маңғаз өлкеде 14-наурыз Аман мерекесінен бастау алады.

«Үлкеннен - үлгі, ағадан - өнеге, атадан - ақыл» дейді. Қазыналы түбектің қазанын қайнатқан біздің компания да жылдағы дәстүрінен жанылған жоқ. 14-наурыз күні Басқарма басшылары кеңсе қызметкерлерімен көрісті. Ақ дастархан жайылып, ақтан дам татты. Жылы лебіз, ыстық ықылас, құттықтау тілектерін жеткізді. Бұған қоса, 17 - наурыз Жетібай, Асар кенорында Ұлыстың ұлы күні кең көлемде атап өтілді.

Ұлыстың ұлы күні өз дәрежесінде тойлап, ұжымға көтеріңкі көңіл-күй сыйлауды қолға алғандардың бірі - Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасы. Басқарма ғимаратының алдына киіз үйлер тігіліп, сахна әсем безендірілген. Сахна төрінде өнерпаздар қазақтың ән шырақ, күйін шертсе, мұнайшылар мен қонақтардың құрметіне жайылған ақ дастархан ұлттық тағамдарға толтырылған. Басты тағам ретінде наурыз көже дайындалған. Жұмысшыларды Наурызбен құттықтап, мерекелік көңіл-күй сыйлауды компания басшылығы игі дәстүрге айналдырған.

Жылдағы дәстүр бойынша, Наурыз мерекесін тойлаудамыз. Барлық мұнайшыларды ұжымның атынан құттықтаймын! «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасы бұл жаңа жылға жақсы жетістіктермен жегіп отыр. Бұл, әрине, мұнайшы жұмысшылардың сапалы еңбегінің нәтижесі. Әр жанұяға бақыт, еңбекте табыс тілеймін, - деді мұнайшыларды сахна төрінде құттықтаған «Манғыстаумұнайгаз» АҚ-ның бас директоры Б.Иманбаев.



Наурыз - жыл басы. Наурыз-достық, еңбек пен мейірім мерекесі. Бұл күні адамдар бір-біріне деген реніш-өкпелерін ұмытып, кешіріммен қараған. Токшылық болсын деген ниетте дастарханды тағамға толтырып, есігінен енген кез келген адамға шын жүректен ас ұсынған. Адамдар бір-біріне ақ тілектерін арнап, үлкендер жастарға бағасын берген.

Мерекелік шараға көтеріңкі күй-күймен келген мұнайшылардың бірі - Мейрамбай Ақбердиев. Ол «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасында 1981 жылдан бері



«Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасы 2015 жылы жоспарды артығымен орындап, жоғары жетістіктермен тәмамдады. Кәсіпшілікте 1025 жұмысшы жұмыс істеуде. Быылғы жылғы мезгілі жоспары - 2 миллион 182 мың тонна мұнай өндіру. Жылдың алғашқы екі айының көрсеткіштері тұрақты.

Бұл - мұнайшылардың еңбегі деп санаймын. Наурыздағы барлық мерекелер құтты болғай! Жыл табысты болсын, қазанымыз ортаймасын, - дейді «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасының бастығы Ж.Ешманов.

оператор болып қызмет етеді:

Еңбек жолын операторлықтан бастап, осы салада талмай еңбек етіп келемін. Өріне, күннің ыстығында, қатты суықта жұмыс істеу оңай емес. Дегенмен, өз мамандығымды жақсы көргендіктен, ол қиындықтарды елемей, еңбек етудемін. Бүгін кен орнында үлкен мереке болып жатыр. Ұлыстың ұлы күні құтты болғай! Баршамызға қуаныш тілеймін! Жылдан жылға аман-есен жете берейік!

Мен 2008 жылдан бері осы мекемеде қызмет етіп келемін. Мұнайшы оңай кәсіп емес. Ең



бастысы - өз мамандығыңды сүйіп, шаршамай еңбек ету керек деп санаймын. Наурыз мерекесі құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз есен болғай! - дейді мерекенің ортасында кездестірген І-дәрежелі май тазалаушы М.Шадыман.

Өндірістік басқарманың құрылыс департаментінде топ жетекшісі болып қызмет ететін Балғынбай Төлеуовтың еңбек өтілі 30 жыл. Алматы сәулет-құрылыс институтын құрылысшы мамандығы бойынша бітірген ол 1986 жылы еңбек жолын қарапайым жұмысшылықтан бастаған.



Сол жылы Қаламқас кен орнында ПМК-3 мекемесінде 4-дәрежелі темір ұстасы болып еңбекке араластым. Өз жолымды қарапайым жұмысшылықтан бастап, 2005 жылы «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасына ауыстым. Бүгінгі маман білімді деп білікті болу керек. Елбасымыздың «Жастарға еңбек жолын жұмысшы мамандықтарынан бастау керек» деген бастамасын қолдаймын. Жас маман институтта теориялық білім алады, ал, еңбек студі жұмыс орында бастаулары тиіс. Жастарға тәжірибелі қызметкерлер білгенін үйретіп, бағыт беру керек деп санаймын. Менің артыман ерген жігіттердің барлығы орта жастан асып барады. Бәрі де абыройлы

не болса, өңірде мұнай-газ саласын дамытуға үлес қосқан бірқатар мұнайшылар облыс әкімдігі, компания басқарма басшылығы атынан алғыс хаттармен марапатталды. Озат мұнайшыларды «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Талғат Айдынов құттықтап, қаржылай сыйлықтар тапсырды. Елбегі еленгендердің арасында басқарманың пайдаланыстағы жабдықтарды прокаттау-жөндеу цехының газ жабдықтарын жөндеу және пайдалану жөніндегі 4-дәрежелі слесарі Талғат Абатов, қабат қысымын ұстау цехының жер қабаттарына жұмыс агентін айдау жөніндегі сорап стансасының



қызмет атқарып жүр,-дейді Б.Төлеуов.

Жыл басын тойлауға арналған шаралар аясында концерттік сайыстар ұйымдастырылды. Ерекше атап өтетін жайт, былығы Наурызда тұңғыш рет көпшілік алдында жетібайлық жас боксшылар шаршы алаңда қолғап түйістірді. Қуанарлығы - бұл «Манғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының әлеуметтік жобасы саналатын спорт кешені қызметінің оң нәтижесі.

Мереке күні сайыстар жеңімпаздары бағалы сыйлықтарға

3-дәрежелі машинисі Мәриям Жанғалиева, мұнаймен дастанған топырақты жинау және тазалау учаскесінің І-дәрежелі мұнай тазалаушы Шекер Ерходжаева, №2 мұнай және газ өндіру цехының І санатты инженері Досан Тәжібаевтар бар.

Наурыз мейрамына Орта Азиядағы «СНПС» аймақтық компаниясы Бас директорының орынбасары Чжао Ин ханым қатысып, мұнайшыларды мерекелеп құттықтады.

Анар Шампадинова



Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын!

ЖАДЫРАП ТҰРДЫ КҮН КӨЗІ...



Су жаңа шетелдік автобус тас жолдың анау-мынау кедір-бұдырын елер емес. Шөгіп, жон арқасын тосып, тыныс алып жатқан түйелерге ұқсай қалған жоталар, қоңыр, сарғыш, ақ тастардан жонып, қолмен қондыра салғандай қайталанбас, әсем тау сілемдері, бір-бірінен көрік жарыстырған шоқы-шатқалдар, көктемгі жауынмен жал бітіп, бой түзеп, жусаны жұпар иісін шашқан қыраттар дөңгелеп артта қалып жатыр.

- Бозащы түбегіндегі ежелгі қорымның бірі – Қаламқас арудың есімімен аталады. Жаугершілік заманда ат үстінен түспеген, ер азаматтармен бірге талай қанды жорықтарға қатысып, басқыншы жаулардан елін қорғаған батыр апамыз бейбіт күнде ауылды азық-түлікпен қамтамасыз еткен, аңшы, мерген болған. Кен орнының «Қаламқас» аталуының осындай себептері бар, – деп сонау сексенінші жылдардан бергі көңіл жақын танысым, бүгінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да техника және қоршаған орта қауіпсіздігі департаменті директоры Асылбек Дербесін тарихтың қатпар қойнауына бойлап, ескіден келе жатқан дерек-аныздың жігін тарқата, қызықты әңгімесімен «жол қысқартып» келеді.

Күн арқан бойы көтеріле мұнайшылар қалашығына да



лебзін жеткізген «ММГ» бас директоры Бақыт Алтайұлы өнегелі ісімен, іскерлік қабілетімен топ жарған мұнайшыларды марапаттады. Сондай-ақ, озаттарға мақтау грамота, алғыс хаттарды «Қаламқас мұнайгаз» басқармасының басшысы Цзун Шоуго, Шебір ауылы әкімі Нұрған Нұрбосынов, ардагер мұнайшылар Санатбай



Масатов, Өрен Сағындықов табыс етті.

Роза Айдарбаева, Бауыржан Сатыбалдиев, Ақсұлу Құдабаева сияқты республикаға белгілі өнер сандақтарымен бірге көпшілік қошаметіне бөленіп жүрген өлкеміздің өзге де өнерпаздары өнер көрсетті. Нұрмұхан Жантөрин атындағы музыкалық-сазды драма театры артистері әзірлеген Наурыз қойлымында көрісу, бесікке салу, сәбидің тұсауын кесу, беташар, қыз ұзату, бата беру, т.б. қазақтың салт-дәстүрі көрініс тапты. Спорттық сайыстар да мереке шырайын аша түсті. Бүгінгі айтылар тілек-лебзін де Наурыз мейрамының мән-маңызымен үндесіп жатқандай.

Өрен Сағындықов, «Қаламқас мұнайгаз» басқармасының 90-жылдардағы басшысы:

-Өткеннен өңгіме қозғасак, мұнда іздеу және барлау жұмыстары 1976 жылы басталып, сол жылы кеңорны ашылды. 1979 жылы №6 ұңғыла Кеңербай Әлібаевтың бригадасы мұнай ала бастады. Қазіргі таңда «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ы жалпы мұнайының 70 пайызын «Қаламқас мұнайгаз» беруле. Қу далала, сор үстінде керемет қалашық салып, еліміздің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып отырған мұнайшыларымыздың еңбегі қандай мақтауға да лайық. Наурыз мейрамы баршамаызға құтты болсын!

Гилман Жапаров, «Маңғыстау энергомұнай» ЖШС-нің Қаламқас энергосүйесі басшысы:
-Біздің міндет- кеңорнын электр желісімен қамтамасыз ету. Осында 300-дей адамымыз жұмыс жасайды. Өндіріс



өрге басып, жоспар орындалып жатса біздің де үлесіміз болғаны. Наурыз мерекесі жақсылығымен келсін! Халық мұнайдың игілігін көре берсін!

Қоңырау Аймағамбетова, №1 цехтың қызметкері:

- Осы компанияда талмай-тынбай қызмет жасағаным біраз жыл болды. Алла қуат берсе, келесі жылы зейнеткерлікке шығамын. Жыл сайын мұнайшылардың еселі еңбегін елеп, мақтау-марапат ұсынып, Ұлыстың ұлы күнін өте жоғары деңгейде атап өтуге қолдау көрсететін Басқарма басшылығына айтар алғысым шексіз. Бұл да бір мерейдің өскені, мәртебеміздің асқақтағаны деп білем. Айтулы мерекем барлық мұнайшы әріптестерді құттықтаймын.

Жанбоз Айтуаров, «Қаламқас мұнайгаз» өндірістік басқарма бастығының бірінші орынбасары:

- Көктемнің көп мерекесін ынта-ықыласымызбен өткізуге атсалысып жатырмыз. Осы жыл толайғы табыстың төрге озған күні болса, жылға жемеленген 4 миллион 103 мың тонна жоспарды 31 наурызға дейін орындаймыз деген сенім бар. Наурыз мерекесі баршамаызға бақ-береке, елімізге тыныштың әкелсін деймін.



жеттік. Наурыз айшықтары әр жерден «менмұдалап» тұр. Қаз-қатар тізілген киіз үйлердегі қарбалас, арнайы жасакталған алаңдағы арқан тартысу, күрес, кір тасын көтеру сияқты спорттық сайыстар, қалықтаған музыка әуені, шат-күлкі, көтеріңкі көңіл-күй, ұлттық киімдері жарасқан қыз-келиндердің биі... Адамдардың аппақ ниеті, ажарма пейілдің құдыреті ме, ауа-райы мәліметі нысанға соқпай кетті: жел сап тынылып, күн шуағын молынан төгіп, жадырап сала берді.

- Наурыз мерекесі құтты болсын! Ақ мол болсын! Әр шаңырыққа шаттық, бақ-береке тілеймін! –деп құттықтау



... Түскі үзіліс кезіне белгіленген Наурыз мерекесі тез өткенімен, айтылар айшықтың әңгіме, қызықты сәттер әсері әзірге тарқамасы анық. Айтылған ақ тілектерге біз де қосыламыз. Мерейлерің үстем бола берсін, мұнайшылар!

“Маңғыстау” газетінің тілшісі
Болат Үмбетов
Суреттерді түсірген
Талант Құсайын

Спорт

«СЕРЕБРО» С ЗОЛОТЫМ ОТЛИВОМ

Наша коллега – руководитель ГИС ДАИТиС Светлана Исахова продолжает успешные выступления на международных и отечественных турнирах. На днях наша коллега вернулась с Шымкента, где проходил чемпионат Республики Казахстан по жиму штанги лежа и пауэрлифтингу (суммарное троеборье).

Мангистаускую область представляли более 20 спортсменов из городов Актау и Жанаозен. Всего же в соревнованиях принимали участие свыше 300 атлетов. Турнир являлся одновременно отборочным на предстоящие чемпионат мира в Дании (апрель 2016 года) и чемпионат Азии в Узбекистане (сентябрь 2016 года).

Многократная Чемпионка РК по жиму штанги, мастер спорта, серебряный призер чемпионата мира по жиму штанги, серебряный призер чемпионата Азии по жиму штанги, казахстанская рекордсменка по пауэрлифтингу Светлана Исахова на этот раз завоевала

серебряную медаль, уступив победительнице лишь по дополнительным показателям.

- Мы показали одинаковый результат со спортсменкой, занявшей 1-ое место, - рассказывает Светлана. - И тогда чемпиона стали определять по показателям веса спортсмена, я оказалась на 200 грамм тяжелее... и победу присудили более легкому участнику. Но я все равно рада... На тренировках я поднимала, отработывала и более тяжелые веса: 90- 105 кг. Но на этот раз решила поберечь силы для дальнейших, более серьезных международных соревнований. Главное, что я прошла отбор на чемпионат



Стан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы арналған пауэрлифтинг чемпионат

Азии, который состоится в сентябре 2016 года, в котором я надеюсь показать лучшие свои результаты.

Благодарю руководство АО «Мангистаумұнайгаз», коллектив ДАИТиС и лично директора Е.М.Мукашева за оказанную поддержку, а также руководство ДАВНСР за предоставленную возможность посещать

спортивный зала в период подготовки к соревнованиям. А также благодаря своему тренера А.Шоханова, 4-х кратного абсолютного чемпиона Азии по жиму штанги лежа, призера чемпионатов мира по жиму штанги лежа за помощь при подготовке к соревнованиям.

Кроме того, в соревнованиях принял участие также и сотрудник Службы безопасности АО «Мангистаумұнайгаз» Рахымжан Бекбосынов. Он впервые принимал участие в чемпионате и, к сожалению, не сумел подняться на пьедестал почта. Тем не менее, наш коллега считает, что участие в данном турнире – это бесценный опыт, который поможет в будущих соревнованиях. Рахымжан Бекбосынов выражает глубокую благодарность председателю профкома АО «Мангистаумұнайгаз» Т.Х. Айдинову, за оказанную помощь и содействие в поездке на республиканский чемпионат.



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі:
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Әбдісадық, Ж.Жемалова, С.Ғалидуллин, Е.Қонаубаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., №1 үй,
тел:
215-267, 211-230
212-194, 211-938.
Газет айына 1 рет шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді!
■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265

“АТIS” ЖШС баспаханасында басылып, Ақтау қаласы, 17 ш/а. тел: 525500